

«БЕКІТЕМІН»
«Жамбыл облыс әкімдігінің
Денсаулық сақтау басқармасы
Жамбыл облыстық көпбейінді
ауруханасы» ШЖҚ МКК-ң бас дәрігері
М.С.Джуманкулов



« »

2024 жыл

«Жамбыл облыс әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы Жамбыл облыстық көпбейінді ауруханасы» ШЖҚ МКК-ң сыбайлас жемкорлыққа қарсы стандарты

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Сыбайлас жемкорлыққа қарсы стандарттар (бұдан әрі - Стандарттар) «Сыбайлас жемкорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабына сәйкес әзірленді және қоғамдық қатынастардың оқшауланған саласы үшін «Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы Жамбыл облыстық көпбейінді ауруханасы» ШЖҚ МКК (бұдан әрі - аурухана) сыбайлас жемкорлықтың алдын алуға бағытталған ұсынымдар жүйесін белгілеуге арналған.

2. Стандарттардың міндеттері мыналар болып табылады:

1) аурухана қызметкерлерінің лауазымдық міндеттерін жүзеге асыру кезінде сыбайлас жемкорлыққа қарсы тұрақты мінез-құлқын және жауапкершілігін қалыптастыру;

2) сыбайлас жемкорлық көріністерін уақытылы анықтау және жағымсыз салдарды алдын алу.

3. Стандарттардың принциптері мыналар болып табылады:

1) заңдылық;

2) транспаренттілік;

3) әдептілік;

4) жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін сақтау және оларды сыбайлас жемкорлық көріністерінен қорғау;

5) мүдделер қақтығысына жол бермеу.

4. Стандарттар аурухана қызметкерлері үшін сыбайлас жемкорлыққа қарсы мінез-құлықты сақтауға және сыбайлас жемкорлық көріністерінің алдын алуға бағытталған ұсынымдарды айқындайды.

5. Стандарттардың негізінде:

1) сыбайлас жемкорлыққа қарсы стандартта қозғалатын салада жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін жүзеге асыру;

2) өз құзыреті шегінде басқарушылық және өзге де шешімдерді әзірлеу және қабылдау;

3) Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің, аурухананың ішкі құжаттарының жобаларын дайындау;

4) тіршіліктің тиісті саласының ерекшелігіне байланысты өзге де қоғамдық маңызы бар қарым-қатынастар кезінде сыбайлас жемкорлық көріністеріне жол бермеу турғысынан лауазымдық міндеттерді орындау бойынша тікелей іс-әрекеттер бар.

2- тарау. Сыбайлас жемкорлыққа қарсы шектеулер

6. аурухана қызметкерлерінің өз өкілеттіктерін жеке, топтық және өзге де қызметтік емес мүдделерде пайдалануға әкеп соғуы мүмкін іс-әрекеттер жасауына жол бермеу мақсатында мыналар ұсынылады:

1) Қазақстан Республикасының, Конституциясын, сыбайлас жемкорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын және басқа да нормативтік құқықтық актілерін мүлтіксіз сақтау;

2) адал, әділ, карапайым болу, жеке тұлғалармен, заңды тұлғалардың өкілдерімен және әріптестерімен қарым-қатынаста жалпы қабылданған моральдық-этикалық нормаларды сақтау, сыпайылық пен эдептілік таныту;

3) жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қозғайтын шешімдер қабылдаудың ашықтығын қамтамасыз ету;

4) өзінің іс-әрекетімен және мінез-құлқымен қоғам тарапынан сынға қалуға себеп жасамау, сын үшін қудалауға жол бермеу, кемшіліктерді жою және өз қызметін жақсарту үшін конструктивті сынды пайдалану;

5) шындыққа сәйкес келмейтін мәліметтерді таратпау;

6) заңда тәртіптік, әкімшілік немесе қылмыстық жауаптылық көзделген теріс қылықтар мен өзге де құқық бұзушылықтар жасауға жол бермеу;

7) шешімдер дайындау және қабылдау кезінде жеке және заңды тұлғаларға құқыққа сыйымсыз артықшылық бермеу;

8) келесі жағдайларда шешім қабылдамауға, бақылауды жүзеге асырмауға, қызметтік тергеп-тексерулер жүргізбеуге және оған катысты жауапкершілік шарасын айқындамауға:

өз-өздеріне, өзінің жақын туыстарын, жұбайын (зайыбын) немесе жекжаттарын іс-сапарға жіберу немесе оларға демалыс беру туралы шешімдерді қоспағанда;

олар, олардың жақын туыстары, жұбайы (зайыбы) немесе жекжаттары табыстың кез келген түрін алатын жеке және заңды тұлғаларға;

олардың жақын туыстары, жұбайы (зайыбы) немесе жекжаттары қызмет өткеретін (жұмыс істейтін) заңды ұлғаларға;

9) сыбайлас жемкорлық құқық бұзушылықтар жасауға жол бермеу, сыбайлас

жемқорлыққа қарсы тұру, олар кімнен шықса да оның кез келген көріністеріне төзбеу;

10) өтініштерді объективті, құзыретті бюрократиясыз, әуре-сарсаңсыз қарау және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерімдерде қажетті шаралар қолдану;

11) әріптестеріне өзара қарым-қатынастардың белгіленген тәртібін бұзатын, олардың әділ қызметік шешім қабылдауына ықпал етуі мүмкін заңсыз өтініштерімен жүгінуден бас тарту;

12) басқа адамдарды сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға көндірмеу және кетермелемеу;

13) өзінің қызметік міндеттерін атқарғаны үшін сыйлықтар мен қызметтік емес қызметтерді қабылдамау;

14) көрсетілген тұлғалардың лауазымдық өкілеттіктерін пайдалана отырып, мүліктік пайда, игілік немесе артықшылық алу үшін ресми тұлғаларға қызметтік емес қызметтер көрсетпеу;

15) мүліктік және мүліктік емес игіліктер мен артықшылықтарды алу немесе алу мақсатында ресми таратылуға жатпайтын қызметтік және өзге де ақпаратты пайдаланбау;

16) жеке және заңды тұлғалардың заңнамада көзделген ақпаратқа қол жеткізуін қамтамасыз ету, оны кешіктірмеу, дұрыс және толық ақпарат беру;

17) жеке немесе заңды тұлғалардан осы тұлғалардың беруі заңнамада көзделмеген ақпаратты талап етпеу;

18) жеке немесе заңды тұлғаларға олардың құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыруға кедергі жасамау;

19) егер ол жақын туыстық және тән қатынастардағы адамдардың тікелей бағыныстылығымен немесе бақылауында болуымен байланысты болса, лауазымға тағайындалудан бас тарту;

20) басшылыққа катысты жеке адалдық, олардың лауазымдық мүмкіндіктері есебінен пайда мен артықшылықтар алуға ұмтылу көрістеріне жол бермеу;

21) сыбайлас жеқорлыққа қарсы іс-қимылда белсенділік таныту;

22) үшінші тұлғалардың мүдделерін білдіруден немесе лоббилеуден, сол сияқты олардың атынан іс-әрекеттер жасаудан қалыс қалу;

23) лауазымдық міндеттерді орындаудың бейтараптығы мен объективтілігіне әсер етуі мүмкін қаржылық және іскерлік өзара қарым-қатынастардан аулақ болу;

24) қызметтік кабинетте грамоталарды, алғыс хаттарды, дипломдарды және жеке еңбегі мен жетістіктерінің басқа да куәліктерін орналастыру кезінде қарапайымдылық шамасын сақтауға міндетті;

25) мұндай айыптау анықталған күннен бастап бір ай мерзімде оларды сыбайлас жемқорлық көріністерінде негізсіз жария түрде айыптаған жағдайда оны теріске шығару жөнінде, оның ішінде сот тәртәбімен шаралар қолдану;

26) тікелей басшыға мүдделер қақтығысының туындауы, лауазымдық

міндеттерін орындау кезінде жеке мүдделілік, сыбайлас жемкорлық әрекетіне көндіру және сыйлықтар алу жөнінде баяндау;

27) жеке және өзімішл мүдделерді басшылыққа алмау;

28) әріптестернен, басшыларына және өзге де лауазымды адамдарға сыйлықтар бермеу және лауазымдық өкілеттіктерін пайдалана отырып, мүліктік пайда, игілік немесе артықшылық алу үшін қызметтік емес қызметтер көрсетпеу;

29) әріптестерінен жоғары құқықтық және сыбайлас жемкорлыққа қарсы мәдениеттің сақталуын қолдау және талап ету;

30) мүдделер қақтығысының, сыбайлас жемкорлық құқық бұзушылықтардың туындау себептері мен жағдайларын және олардың салдарын жою жөнінде тұрақты негізде шаралар қабылдау;

31) табыс алуға байланысты кәсіпкерлік және өзге де қызметі жүзеге асыруда біреуге жәрдем көрсетуден қалыс қалу.

7. өз құзыреті шеңберінде басқарушылық және өзге де шешімдерді дайындау және қабылдау кезінде мыналар ұсынылады:

1) әріптестер мен басшыларға өзара қарым-қатынастардың белгіленген тәртібін бұзатын, олардың әділ қызметтік шешім қабылдауына ықпал етуі мүмкін заңсыз өтініштермен жүгінуден бас тарту;

2) жетекшілік ететін құрылымдық бөлімшеге басқарма мүшесіне белгілі болған сыбайлас жемкорлық фактілері туралы, сондай-ақ құжаттарды немесе кешіктірілген құжатты жеделдетіп қарағаны үшін қандай да бір пайда алуға итермелеу туралы баяндау;

3) орындау үшін алынған өкімнің заңдылығына күмән жөнінде тікелей басшыға жазбаша нысанда хабарлау;

4) егер тікелей басшының, өзі мүдделер қақтығысына тартылса, жоғары тұрған басшылыққа жүгіну;

5) Үшінші тұлғалардың мүдделерін білдіруден немесе лоббилеуден, сол сияқты олардың атынан іс-әрекеттер жасаудан аулақ болу.

3- тарау. Сыйлықтар

8. Ешбір жағдайда аурухана қызметкерінің сыйлық алуы/беруі қызметкердің немесе тұтастай аурухананың беделіне теріс әсер етуі мүмкін жасырын сыйақы болып табылмауы тиіс.

9. Аурухана қызметкерлеріне мыналар ұсынылады:

1) өзіне, өзінің жұбайына (зайыбына), жақын туысына аурухана клиенті/контрагенті, осындай қызметкердің ауруханадағы лауазымдық және функционалдық міндеттеріне байланысты қандай да бір іс-әрекет (әрекетсіздік) жасауына байланысты өзге де үшінші тұлғалар берген сыйлықтарды қабылдамау;

2) сыйлықтар ұсынуды сұрамау немесе мәжбүрlemeу.

10. аурухананың, оның қызметкерлерінің атынан үшінші тұлғаларға валютаның нысанына (қолма-қол/ қолма-қол емес) және түріне қарамастан ақша

түріндегі сыйлықтар жасалуына жол берілмейді

11. аурухана қызметкерлері осы бапта көзделген шектеулерді ескере отырып, мынадай іскерлік сыйлықтарды (жарнамалық, имидждік сипаттағы) қабылдауға/беруге құқылы:

1) семинарлар, презентациялар және өзге де іскерлік/корпоративтік іс-шараларды өткізуге байланысты;

2) презентацияға арналған, құттықтау хаттары, құрмет белгілері, грамоталар немесе аурухананың не басқа заңды тұлғаның кәдесый өнімін, т. б.;

3) аурухана, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі өткізетін іс-шараларға қатысқаны үшін алынған марапаттар, жүлделер.

4-тарау. Тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алуды жүргізу

12. Тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алуды жүзеге асыру кезінде мыналар ұсынылады:

1) тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алу мақсаттары үшін көзделген ақшаны оңтайлы және тиімді жұмсау;

2) заңнамада және сатып алуды регламенттейін нормативтік құжаттарда көзделген жағдайларды қоспағанда, әлеуетті өнім берушілерге сатып алуды жүргізу рәсіміне қатысу үшін тең мүмкіндіктер беру;

3) әлеуетті өнім берушілер арасында адал бәсекелестікті қолдау;

4) сатып алу процесінің ашықтығы мен әділдігіне ықпал ету;

5) сыбайлас жемқорлық кершіліктеріне жол бермеу;

6) аурухана қызметкерлернің өнім берушіні таңдау туралы шешім қабылдауға құқығы бар немесе өткізілетін сатып алудың бастамашылары немесе ұйымдастырушылары болып табылатын жақын туыстарының, жұбайының (зайыбының) немесе жекжаттарының (ерлізайыптылардың туыстары) өткізілетін сатып алуларға қатысуына жол бермеу;

5- тарау. Кадрларды іріктеу, орналастыру және персоналды бақару

13. Кадрларды іріктеу, орналастыру және персоналды бақару кезінде құрылымдық бөлімшелердің басшыларына мыналар ұсынылады:

1) кадрларды тауыстық, жерлестік және жеке адалдық белгілері бойынша іріктеу және орналастыру жағдайларына жол бермеу, меритократия принциптерінің сақталуын қамтамасыз ету;

2) Қазақстан Республикасының қолданыстағы еңбек заңнамасының талаптарын сақтау;

3) ауруханаға жұмысқа қабылдау кезінде қызметкерге үлгі міндеттерді, салынған тыйымдар мен шектеулерді түсіндіру;

4) қызметкерлердің дербес деректері туралы әліметтерді негізсіз беруге жол бермеу;

5) аурухананың лауазымға тағайындалатын лауазымды тұлғаларынан

қандай да бір жеке сипаттағы қызметтер көрсетуді талап етпеу және оларға өтініш жасамау;

6) қызметкерлердің қызметтік өкілеттіктерінің міндеттері мен көлемін нақты және дәл айқындау;

7) жұмыскерлер арасында еңбек жүктемесінің біркелкі бөлінбеуіне жол бермеу;

8) анық орындалмайтын немесе олардың лауазымдық міндеттерінен тыс, сондай-ақ заңнамаға қайшы келетін өкімдер бермеу;

9) қызметтен тыс сипаттағы мәселелерді шешу кезінде қарамағындағылардың қызметіне ықпал ету үшін қызметтік жағдайды пайдаланбау;

10) қарамағындағыларды сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға мәжбүрлемеу;

11) қарамағындағылар мен басқа да адамдар тарапынан Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасы нормаларының бұзылуы фактілеріне жол бермеу және оның жолын кесу;

12) лауазымдық міндеттерін орындау барысында бір бөлімше қызметкерлері арасында туындатан мүдделер қақтығысын реттеу бойынша дер кезінде түбегейлі шаралар қабылдау;

13) сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша түбегейлі шаралар қабылдау;

14) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою, оның ішінде қарамағындағылармен бірге жою;

15) лауазымы жоғары немесе лауазымы төмен тұлғамен немесе жұмыс бойынша өзге тәуелділігі бар тұлғамен ақшалай немесе өзге де мүліктік сипаттағы құмар ойындарға қатыспау;

16) қызметтік емес немесе жеке тапсырмаларды орындау үшін қарамағындағыларды тартуға жол бермеу.